

## КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысы

С. Дауешова  
«14» 04 2023 ж.



## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Техникалық колледж» МКҚК  
директоры

А. Курманкулов  
«14» 04 2023 ж.



### Жаратылыстану-математикалық пәндер бағыты бойынша Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер арасында қалалық олимпиада өткізу туралы

## ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Астана қаласының ТЖКББ ұйымдарының I курс студенттері арасында қалалық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, олимпиадаға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

### 2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

- Астана қ. ТЖКББ ұйымдарының студенттері арасында математика, физика, информатика, биология, химия, география пәндері бойынша дарынды білім алушыларды анықтау үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқуға студенттердің қызығушылығын арттыру, теориялық білім мен дағдыларды тереңдету;
- студенттерді жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуға дайындау;
- студенттерді жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға қатысуға дайындау;
- білім алушылардың жетістіктерінің мониторингін тиімді жүзеге асыру.

### 3. Олимпиаданы ұйымдастыру тәртібі

3.1. Олимпиаданың ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің "Әдістемелік орталығы" МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледж» МКҚК. Ұйымдастырушылар осы Ережеде көзделген Олимпиаданы өткізуді қамтамасыз етеді.

3.2. Өткізу мерзімі:

Олимпиада екі кезеңді өткізуді қарастырады:

- 1 кезең - колледжішілік (10.05.2023 ж. дейін)
- 2 кезең - қалалық (30.05.23 ж.)

Handwritten signatures and dates at the bottom of the page.

3.3. Олимпиада жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткізіледі:

- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы математика.
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы физика.
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы информатика.
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы биология.
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы химия.
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы география.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы математика.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы физика.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы информатика.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы биология.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы химия.
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы география.

3.4. Олимпиадаға қатысу тегін.

3.5. Олимпиаданы өткізу тілдері: қазақ, орыс.

3.6. Өту орны: «Техникалық колледж» МКҚК, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Б.Соқпақбаев көшесі, 19 үй.

#### 4. Олимпиадаға қатысу шарттары

4.1. Олимпиадаға Астана қаласы ТЖКББ ұйымдары деңгейінде өткізілген колледжішілік кезеңнің қорытындысы бойынша ***I курс студенттері қатысады.***

4.2. Олимпиаданың екінші кезеңіне ***әр колледжден бір пән бойынша оқыту тіліне қатысты тек 1 студент жіберіледі (қазақша -1, орысша -1).***

***Бір педагог тек 1 студентті ғана ұсына алады.***

4.3. Олимпиадаға қатысу үшін 1 қосымшаға сәйкес өтінімді [olimpiada-2023@inbox.ru](mailto:olimpiada-2023@inbox.ru) электрондық поштасына **16.05.2022ж.** дейін жіберу қажет. Мерзімінен кеш жіберілген өтініштер қабылданбайды.

#### 5. Олимпиада тапсырмаларын дайындау

5.1. Олимпиаданың қалалық кезеңінің қатысушыларына арналған Олимпиада тапсырмаларын Әдістемелік орталығының әдіскерлері және Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледж» МКҚК оқытушылары әзірлейді.

5.2. Тапсырмалар мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады.

5.3. Олимпиада тапсырмаларын орындау ұзақтығы барлық пәндер үшін (тест) 60 минутты құрайды.

#### 6. Олимпиаданы өткізу тәртібі

6.1. Олимпиада модераторы нұсқаулық өткізеді және қатысушылардың тапсырмаларды орындауды бастауы мен аяқтауын қадағалайды.

6.2. Олимпиада кезінде қатысушылар тапсырмалардың шарттарын нақтылауға байланысты сұрақтар қоюға мүмкіндік алады. Қатысушының сұрағына тек Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі жауап беруге құқылы.

6.3. Олимпиада тапсырмаларын орындау барысында қатысушыларға ұялы телефондарды, смартфондарды пайдалануға тыйым салынады.

6.4. Қатысушының 6.3-тармақта көрсетілген ережелерді бұзуы оның шеттетілуіне және барлық нәтижелерін жоюға әкеледі.

6.5. Қатысушыны шеттету туралы шешімді Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті мен сараптама комиссиясының мүшелері қабылдауы мүмкін, ол туралы тиісті акт жасалады.

6.6. Барлық тіркелген қатысушылар **2023 жылдың 30 мамыры, сағат 09:30-де басталатын Олимпиаданың ашылу салтанатына қатысулары міндетті.**

6.7. Қосымша ақпарат алу үшін байланыстар мен телефондар:

87081745604 - Сейдахметова Бақыт Құрманғалиқызы, Әдістемелік орталықтың ТжКББ бөлімінің әдіскері;

87016447318– Исина Нағима Саткенқызы, Әдістемелік орталықтың ТжКББ бөлімінің әдіскері;

87772298915 - Джункабаева Замира Арапбаевна, «Техникалық колледж» МКҚК басшысының орынбасары;

87071188437 - Тоғайбаева Назира Куандықовна, «Техникалық колледж» МКҚК әдіскері;

87075530515 - Рахимбекова Нәсіп Талғатовна, «Техникалық колледж» МКҚК оқытушысы.

## **7. Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау**

7.1. Олимпиада аяқталған сәттен бастап 60 минут ішінде қазылар алқасы Олимпиаданың қорытындысын шығарады.

7.2. Олимпиада жеңімпаздары қатысушылар жинаған ұпай санының кему ретімен енгізілген қорытынды кесте негізінде анықталады. Бірдей ұпай жинаған қатысушылар үшін қосымша сұрақтар ұсынылады.

7.3. Олимпиаданың соңғы нәтижесі колледж және Әдістемелік орталық сайттарында жарияланады.

7.4. Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және қатысу сертификаттармен марапатталады.

**Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша  
қалалық олимпиадаға қатысуға  
ӨТІНІМ**

<b>Оқу орнының толық атауы</b>	<b>Қатысушының аты-жөні (толық)</b>	<b>Пән</b>	<b>Оқыту тілі</b>	<b>Педагогтің аты-жөні (толық)</b>	<b>Телефон/ e-mail</b>
--------------------------------	-------------------------------------	------------	-------------------	------------------------------------	------------------------

Өтінімді 16.05.2023 ж.дейін [olimpiada-2023@inbox.ru](mailto:olimpiada-2023@inbox.ru) электронды поштасына жіберу керек.